

**ТАҚЫРЫБЫ:
БАҚЫЛАУДАҒЫ
НАУҚАСТЫҢ
АНАМНЕЗІН ЖИНАУ
ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ
СТАТУСЫН СИПАТТАУ**

Орындаған: Жақудаева Д.Ә

Қабылдаған: Құлманбетов Р.И

ЖОСПАРЫ:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Бақылаудағы науқасты қайта тексеріп субъективті белгілерін жазу
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

- Негізінен осы стоматологқа қаралу науқастың жайын сұрау, сыртқы қарау, жеке шағымдарын білу, ауру тарихын жазу сияқты тексерістерден басталады. Анамнез жинау стоматолог дәрігерге дұрыс диагноз қоюмен қатар дұрыс ем шараларын жүргізуге септігін тигізеді. Бақылауға алынған науқастың анамнезін сипаттап жазу, оның жергілікті статусын анықтау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

- Тексеру-диагностика үрдісінің маңызды кезеңі. Қарау белгілі симптом , белгінің бар не жоғын анықтау мақсатында жүргізіледі. Тексеру әдістері клиникалық және параклиникалық болып бөлінеді.
- **Зерттеудің негізгі клиникалық әдістері:**
 - Науқастың халін сұрау(анамнез)
 - Науқастың сыртқы келбетін қарау
 - Ауыз қуысы шырышты қабығын қарау, тіссіз альвеола бөлімін зерттеу
 - Тіс пен тіс қатарын қарау
 - Пародонтты зерделеу
 - Шықшыт буыны мен шайнау бұлшықеттерін тексеру

НАУҚАС: ЖАКУДАЕВА РӘЗИЯ 18.12.1995Ж

Іс-әрекеттер кезеңі	Әсер ету құралдары	Бақылау критерийлері
Науқас шағымдарын анықтау		Шағымы жоқ, профилактикалық мақсатта қаралуға келген
Ауру анамнезі		17,11,12,47,36,37 тістері пломбаланған, 44 тісі жұлынған
Өмір анамнезі		3 курс студенті, Алматы қаласында тұрады, тамақтануы уақытылы, тұрмыс жағдайы өте жақсы, жұмыс істейтін жерінде ешқандай өндірістік зиянды заттар жоқ, жұқпалы аурулармен ауырмаған, жалпы аурулары жоқ, ешқандай жүйке жүйесі, қантамыр-жүрек асқорыту жүйесінің аурулары жоқ.

Отбасы анамнезі		Тұқым қуалайтын ауруы жоқ
Психоэмоциональді жағдайы	Бақылау арқылы	Қалыпты, өзін сабырлы ұстайды
Физиологиялық даму көрсеткіштері	Сұрау арқылы	165 см бой өлшемі, 63 кг салмағы физиологиялық даму көрсеткіштері қалыпты жағдайда
Бетті қарау Объективті тексеру	Көру арқылы	Бетінде ассиметриялық өзгерістері жоқ, демалысы мұрынмен, жұтынуы қалыпты, бардық дыбыстарды анық айта алады, бетінің төменгі 3\1 бөлігінде өзгерістер жоқ өлшемдері сәйкес келеді. Ұрты мен ерні солмаған, ернінің түсі ал-қызыл, ылғалды. Терісі бидай өңді, ісіну, бөртпе, жаралар жоқ. Аузын ашып- жабуы, жақтарын қозғалтуы қалыпты.

		Сипап қарағанда лимфа түйіндері ұлғаймаған. Шайнау бұлшықеттері, СТЖБ ешқандай өзгеріс жоқ.
Ауыз қуысын қарау	Стоматологиялық айна, пинцет, зонд	Шырышты қабығы алқызыл түсті, қанамайды, ауру сезімі жоқ. Жоғарғы және төменгі ерін үзеңгілері, ұрт тартпалары қалыпты. Ылғалдану дәрежесі қалыпты. Альвеола өсінділері сембеген, жақ сүйектерінің денесі қалыпты жағдайда, қатты таңдайы қатпарлары, күмбезі, жұмсақ таңдайы қалыпты.
Тістерді, тіс қатарын қарау		Тістер саны 28, түр пішіндері басының формасына лайықты, кіреукесі жылтырайды, түсі тістер түсі көрсеткіші бойынша А1, тістер мойындары қызылиекпен жабылған, аз-маз тіс шөгінділері бар, тісжегі емес ақаулары жоқ, тістер қозғалғыштығы қалыпты жағдайда. Ортогнатиялық тістем. Тіс қатарында тарылу, кеңу өзгерісі жоқ, 44 тісі жоқ.

Пальпация	Саусақпен тексеру	Шырышты қабықты басуанда іріңдң бөлістер жоқ, үшкір сүйек дөңестері жоқ, торусы мен экзостоздарының батымдылғы қалыпты, қабыну мен ауырсынулар жоқ
Перкуссия	Зонд, пинцет	Пульпитпен емделген тістерінде перкуссия дұрыс (периодонтитке ұласпаған)
Зондылау	Зонд	Қызылиек қалталары кеңеймеген, қалыпты.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Науқас Жакудаева Рәзия профилактикалық мақсатта қаралған, ары қарай дұрыс күтімін жалғастыру мақсатында ақыл- кеңестер берілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Ортопедическая стоматология, Лебедеенко 2012
- Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы, С.Р. Рузуддинов, А.А Седунов, И.Ә. Құлманбетов, Ю.С. Лобанов 2011
- <http://polechim.com/raznoe/sxema-napisaniya-istorii-bolezni.html>

Назарларыңызға рахмет